

Ғимараттарды, асханалардың, монша-кір жуу комбинаттарының үй-жайларын және олардағы әскери мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) өтеусіз уақытша беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 422 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 11 қыркүйекте № 15645 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 16.02.2024 № 147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ғимараттарды, асханалардың, монша-кір жуу комбинаттарының үй-жайларын және олардағы әскери мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) өтеусіз уақытша беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскерлерді пәтерлерге орналастыру бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 16.02.2024 № 147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
генерал-полковник

С. Жасұзақов

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2017 жылғы 7 тамыздағы
№ 422 бұйрығымен бекітілген
қосымша

Ғимараттарды, асханалардың, монша-кір жуу комбинаттарының үй-жайларын және олардағы әскери мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) өтеусіз уақытша беру қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.06.2021 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Ғимараттарды, асханалардың, монша-кір жуу комбинаттарының үй-жайларын және олардағы әскери мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) өтеусіз уақытша беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) ғимараттарды, асханалардың, монша-кір жуу комбинаттарының үй-жайларын және олардағы әскери мүлікті (бұдан әрі – мүлік) мүліктік жалдауға (жалға алуға) өтеусіз уақытша беру тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тамақтандыруды және (немесе) монша-кір жуу қызметін көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі шарт – Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы шеңберінде жасалған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мемлекеттік мекемелерінің (әскери бөлімдерінің) жеке құрамын тамақтандыруды және (немесе) оларға монша-кір жуу қызметін көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі шарт;

2) жалға беруші – олардың мүдделерінде тамақтандыруды және (немесе) монша-кір жуу қызметін көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі шарттар жасалған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің республикалық мемлекеттік мекемелері;

3) баланс ұстаушы – оған мүлік бекітіліп берілген, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің республикалық мемлекеттік мекемесі;

4) жалға алушы – жеке және заңды тұлғалар.

3. Жалға берушінің мүлікті өтеусіз уақытша беруі жеке және заңды тұлғалардың тамақтандыруды және (немесе) монша-кір жуу қызметін көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі шарттық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

4. Жалға алушыға уақытша пайдалануға берілуге жататын мүлік тізбесін тамақтандыруды және (немесе) монша-кір жуу қызметін көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі шарт жасалғаннан кейін жалға беруші жасайды.

2-тарау. Ғимараттарды, асханалардың, монша-кір жуу комбинаттарының үй-жайларын және олардағы әскери мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) өтеусіз уақытша беру тәртібі

5. Мүлікті өтеусіз уақытша беру үшін жалға беруші мен жалға алушы тамақтандыруды және (немесе) монша-кір жуу қызметін көрсетуді ұйымдастыру бойынша жасалған шарттардың мерзімдері шегінде Ғимараттарды, асханалардың, монша-кір жуу комбинаттарының үй-жайларын және олардағы әскери мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) өтеусіз уақытша берудің шартын жасайды (бұдан әрі – Шарт).

6. Жалға беруші жалға алушымен тамақтандыруды және (немесе) монша-кір жуу қызметін көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі шартты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Шарт жасайды.

7. Шарты кемінде бір жыл мерзімге жасалған жағдайларда мүлікті өтеусіз пайдалану құқығы "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1) тармақшасына сәйкес тіркелуге жатады.

8. Шарты жасалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жалға беруші Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылдау-беру актісіне сәйкес барлық мүлікті жалға алушыға береді.

9. Қабылдау-беру актісі жалға алушыға, жалға берушіге және баланс ұстаушыға мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалады және жалға алушы мен жалға беруші қол қояды.

Ғимараттарды, асханалардың,
монша-кір жуу
комбинаттарының үй-жайларын
және олардағы әскери мүлікті
мүліктік жалдауға (жалға алуға)
өтеусіз уақытша беру
қағидаларына қосымша
нысан

Қабылдау-тапсыру актісі

_____ қаласы

20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ "

_____ Жалға

беруші

(жалға берушінің атауы)

деп аталтын

_____ атынан, бір тараптан Жарғы негізінде әрекет

(лауазымы, Т. А. Ж. (болған кезде)

ететін және _____

_____ (лауазымы, Т.А.Ж. (болған кезде)

атынан _____

негізінде

(құрылтай құжаттардың атауы және тіркеу күні) әрекет ететін

_____ Жалға алушы

деп аталтын

(жалға алушының атауы)

20__ жылғы " __ " _____ №__ мүліктік жалдау шартына сәйкес _____

мекенжайы

_____ бойынша орналасқан, жалпы алаңы _____ объектіні қабылдауды-тапсыруды жүргізді.

1. Объектінің сипаттамасы: _____

_____ 2. Берілетін объектінің және ондағы әскери мүліктің анықталған ақаулықтар тізбесімен техникалық жай-күйі (егер бар болса): _____

_____ 3. Коммуникациялардың болуы: _____

_____ (сумен жабдықтау және кәріз, жылумен және энергиямен қамтамасыз ету,

_____ газдың берілуі болған жағдайды жазу)

_____ 4. Есепке алу құралдарының (су-кәріз бен электр энергия көрсеткіштері): _____

_____ (белгіленген лимитті (лимиттер бойынша есепті) артық жұмсаған жағдайда коммуналдық қызметтерді өтеу үшін аудандық пайдалану бөлімі (гарнизон) ұсынады)

_____ 5. Осы Акт жалға берушіге, жалға алушыға және баланс ұстаушыға біреуден үш (3) данада жасалды.

ЖАЛҒА БЕРУШІ:	ЖАЛҒА АЛУШЫ:
_____	_____
_____	_____
(жалға берушінің атауы)	(жалға алушының атауы)
_____	_____
_____	_____

_____	_____
_____	_____
(орналасқан орны)	(орналасқан орны)
_____	_____
_____	_____
_____	_____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))	(тегі, аты, әкесінің аты(болған кезде))
_____	_____
_____	_____ (қолы)
(қолы)	М.Ө.
М.Ө.	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК